

"Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" әкімдіктің 2013 жылғы 20 тамыздағы № 299 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 399 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 қазанда № 5119 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 9 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 25.01.2016 № 9 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 тамыздағы № 299 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4219 тіркелген, 2013 жылғы 26 қыркүйекте "Сарыкөл" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы"

;

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға

жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес а й қ ы н д а л с ы н . " ;

көрсетілген қаулының қосымшасында:  
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі";

мынадай мазмұндағы 5-тармағымен толықтырылсын:

"5. Ветеринария мамандарының лауазымдары:  
1) ветеринарлық дәрігер;  
2) ветеринарлық фельдшер."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*С а р ы к ө л*

*ауданының әкімі*

*Э. Күзенбаев*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*С а р ы к ө л                      а у д а н д ы қ*  
*м ә с л и х а т ы н ы ң                      х а т ш ы с ы*

\_\_\_\_\_ *А. Қарашолақов*